Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы

LTN-B19

4785031

Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы

1. Зарядтау

Төмендегі суретте көрсетілгендей зарядтау кабелін сағатқа қосыңыз. Зарядтау портын зарядтау құрылғысындағы магниттермен үйлестіріңіз. Экранда батарея зарядының деңгейі көрсетіледі.



- Зарядтау құрылғысын қоспас бұрын зарядтау портын сүртіңіз.
- Сағатты зарядтау үшін жеткізу жиынтығына кіретін зарядтау кабелін пайдаланыңыз.

2. Huawei Health қосымшасын жүктеу

Қосымшалар дүкенінен Huawei Health тауып, жүктеп, оны орнатыңыз.

3. Сағатты телефонмен түйіндестіру

Huawei Health қосымшасында құрылғылар тізімінен сағатты таңдап, экрандағы нұсқауларды орындау арқылы түйіндестіріңіз.

4. Анықтама

Құрылғыны қосу және оның функциялары туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ оны пайдалану туралы кеңестерді Huawei Health қосымшасындағы интернеттегі онлайн-анықтамадан қараңыз.

Copyright © Huawei Technologies Co., Ltd. 2019. Барлық құқықтар қорғалған.
БҰЛ ҚҰЖАТ АНЫҚТАМАЛЫҚ СИПАТҚА ИЕ ЖӘНЕ ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІКТІ БІЛДІРМЕЙДІ.

Тауар белгілері



Huawei және  Huawei Technologies Co., Ltd. сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Bluetooth ® сөздік белгісі мен логотипі - Bluetooth SIG, Inc. тіркелген тауар белгілері болып табылады және Huawei Technologies Co., Ltd. компаниясымен лицензия бойынша қолданылады.

Осы құжатта аталған басқа тауар белгілері, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және компаниялардың атаулары олардың иелеріне тиесілі.

Құпиялық саясаты

Сіздің дербес деректеріңізді қорғау үшін компания қабылдайтын шаралар құпиялық саясатында сипатталған, онымен http://consumer.huawei.com/privacy-policy веб-сайында немесе телефонмен жұптасқаннан кейін қосымшада танысып шығуға болады.

Жарылыс жұмыстары жүргізілетін орындар

- Жарылыс жұмыстары жүргізілетін орындарда және дуплексті радиожабдықты немесе электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған аймақтарда ұялы телефонды немесе сымсыз құрылғыны сөндіріңіз.

Қауіпсіз пайдалану

- Сәйкес келмейтін немесе сертификатталмаған қуат адаптерін, зарядтау құрылғысын немесе аккумуляторлық батареяны пайдалану өртке, жарылысқа және басқа да қауіпті салдарға әкелуі мүмкін.

- Құрылғыны пайдалану температурасы: -20°C-ден +45°C-ге дейін.
- Кейбір сымсыз құрылғылар жүрекширатқыштар мен есту аппараттарының жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Толығырақ ақпарат алу үшін өз операторыңызға хабарласыңыз.
- Жүрекширатқыш өндірушілерінің ұсыныстарына сәйкес, кедергілерді болдырмас үшін сымсыз құрылғы мен жүрекширатқыш арасындағы минималды арақашықтық 15 см болуы тиіс. Жүрекширатқышты қолданған кезде құрылғыны жүрекширатқыштың қарама-қарсы жағында ұстаңыз және құрылғыны кеуде қалтасына салмаңыз.
- Құрылғы мен аккумулятор батареясының шамадан тыс қызып кетуіне және оларға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз. Құрылғыны және аккумулятор батареясын жылу көздеріне жақын қоймаңыз, мысалы қысқа толқынды пештің, тұмшапештің немесе радиатордың жанына.
- Құрылғыны пайдалану кезінде жергілікті заңдар мен ережелерді сақтаңыз. ЖКО-ның алдын алу үшін көлік жүргізу кезінде сымсыз құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғының компоненттеріне немесе ішкі схемаларына зақым келтірмеу үшін құрылғыны шаңды, түтінді, дымқыл немесе лас ортада немесе магнит өрістерін тудыратын заттардың жанында пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жанғыш және жарылғыш материалдарды сақтау орындарында қолдануға болмайды (мысалы, жанармай құю станцияларында, жанармай қоймаларында немесе химия кәсіпорындарында) немесе құрылғыны жарылғыш материалдармен бірге сақтауға және тасымалдауға болмайды. Құрылғыны көрсетілген жағдайларда пайдалану жарылыс немесе өрт қаупін арттырады.
- Құрылғыны, аккумуляторлық батареяны және аксессуарлар жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес кәдеге жаратыңыз. Құрылғыны, аккумуляторлық батареяны және

аксессуарларды тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайды. Аккумуляторлық батареяны дұрыс пайдаланбау өртке, жарылысқа және басқа да қауіпті салдарға әкелуі мүмкін.

- Құрылғы белгілі бір жағдайларда су мен шаң өткізбейтін сынақтан өтті.
- Құрылғыда кіріктірілген алынбайтын аккумуляторлық батарея орнатылған. Оны өз бетіңізше алуға тырыспаңыз, әйтпесе сіз құрылғыны зақымдап алуыңыз мүмкін. Аккумуляторлық батареяны ауыстыру мәселесі бойынша авторластырылған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Микрофонның жанына өткір металл заттарды, мысалы түйреуіштерді қоймаңыз. Құрылғының микрофоны осы заттарды өзіне тартып, құрылғы пайдаланушысына зиян келтіруі мүмкін.
- сымсыз құрылғылар ұшақтың борттық жүйелеріне кедергілер келтіруі мүмкін. Авиакомпанияның ережелерімен сымсыз құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған жерлерде құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Микрофонның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін микрофонға су тиген жағдайда, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Ылғалды микрофонды пайдаланбаңыз.

- Микрофонның жанына өткір металл заттарды, мысалы түйреуіштерді қоймаңыз. Құрылғының микрофоны осы заттарды өзіне тартып, құрылғы пайдаланушысына зиян келтіруі мүмкін.
- сымсыз құрылғылар ұшақтың борттық жүйелеріне кедергілер келтіруі мүмкін. Авиакомпанияның ережелерімен сымсыз құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған жерлерде құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Микрофонның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін микрофонға су тиген жағдайда, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Ылғалды микрофонды пайдаланбаңыз.

Кәдеге жарату бойынша нұсқаулар



Құрылғыдағы, оның аккумуляторлы батареясындағы, құжаттамадағы және қаптау материалдарындағы сызып тасталған қоқыс бағының белгішесі пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін барлық электрондық құрылғылар мен аккумулятор батареялары арнайы жинау және кәдеге жарату пункттеріне берілуі тиіс және әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге жойылмауы тиіс дегенді білдіреді. Пайдаланушы сипатталған жабдықты пайдаланылған электр және электрондық жабдықтар мен аккумулятор батареяларын кәдеге жаратуға арналған жинау пункттерінде жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес кәдеге жаратуға міндетті.

Сипатталған электронды және электрлік жабдықтарды дұрыс жинау және қайта өңдеу құнды материалдарды қайта пайдалануға және адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді. Көрсетілген жабдықты тиісінше пайдаланбау, кездейсоқ істен шығуы, зақымдау және (немесе) тиісінше кәдеге жаратпау пайдалану мерзімі өткеннен кейін қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Электронды және электр құрылғыларын кәдеге жарату ережелері туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті қалалық әкімшілікке, тұрмыстық қалдықтарды жою қызметіне немесе құрылғыны сатып алған бөлшек сауда дүкеніне хабарласыңыз немесе http://consumer.huawei.com/en/ веб-сайтына кіріңіз.

Зиянды заттар шығарындыларын азайту

Осы құрылғы және кез келген электрондық аксессуарлар электрондық және электр жабдықтарында қауіпті заттарды пайдалануды шектеу бойынша қолданылатын заңдарға жауап береді: Химиялық заттарды тіркеу, бағалау, рұқсат алу және қолдануды шектеу туралы ЕО ережелері (REACH), Зиянды заттарды шектеу туралы ЕО директивасы (RoHS), Аккумуляторлық

батареяларды пайдалану және кәдеге жарату туралы директива. Құрылғының REACH ережесі мен RoHS директивасының талаптарына сәйкестігі туралы қосымша ақпарат алу үшін http://consumer.huawei.com/certification веб-сайтқа кіріңіз.

ЕО сәйкестік декларациясы

Радиожиілікті сәулелену

Радиожиілікті сәулелендіру туралы маңызды ақпарат:

Радиожиілік диапазонының электромагниттік өрістерінен қорғау стандарттарына сәйкес құрылғыны беттен кемінде 1 см қашықтықта пайдалану керек және тек білекке тағу керек. Бұл директиваны сақтамау шамадан тыс радиожиілікті сәулеленуіне әкелуі мүмкін.

Мәлімдеме

Мұнымен Huawei Technologies Co., Ltd. компаниясы LTN-B19 құрылғысының 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа ережелеріне сәйкес келеді деп мәлімдейді.

Барлық өзгертулер мен толықтырулармен сәйкестік декларациясының өзекті нұсқасын http://consumer.huawei.com/certification веб-сайтынан қараңыз.

Бұл құрылғыны барлық ЕО елдерінде қолдануға болады.

Құрылғыны пайдалану кезінде ұлттық және аймақтық заңдарды орындаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану шектелуі мүмкін (жергілікті желіге байланысты).

Жиілік диапазоны және қуаты

(a) Бұл радиожабдық жұмыс істейтін жиілік диапазоны: кейбір жиілік диапазондары белгілі бір елдерде немесе аймақтарда қолданылмайды. Толығырақ ақпаратты жергілікті байланыс операторынан сұраңыз.

(b) Осы радиожабдық жұмыс істейтін жиілік диапазондарында берілетін максималды радиожиілік қуаты: барлық диапазондардағы максималды қуат тиісті Үйлестірілген стандартта көрсетілген максималды шекті мәннен аз.

Осы радиожабдыққа қолданылатын жиілік диапазондарының және шығу қуатының (сәулелендіретін және (немесе) берілетін) номиналды шекті мәндері:
LTN-B19: Bluetooth: 12 dBm

Аксессуарлар және бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат

Бұл құрылғымен келесі аксессуарларды пайдалану ұсынылады:
Зарядтау станциясы: AF39-1 Зарядтауға арналған кабель
Құрылғының LTN-B19 үлгісінің бағдарламалық жасақтамасының нұсқасы: 1.0.10.99.
Бағдарламалық жасақтама жаңартуларын өндіруші құрылғы шыққаннан кейін шығарады және бағдарламалық жасақтамадағы қателерді жоюға немесе құрылғының функцияларын оңтайландыруға арналған. Өндіруші шығарған бағдарламалық жасақтаманың барлық нұсқалары тексеруден өткізілді және барлық қолданылатын ережелерге сәйкес келеді.
Пайдаланушы құрылғының радиожиілік параметрлеріне қол жеткізе алмайды (мысалы, жиілік диапазоны және шығыс қуаты) және оларды өзгерте алмайды.
Аксессуарлар мен бағдарламалық жасақтама туралы өзекті ақпаратты http://consumer.huawei.com/certification веб-сайтындағы сәйкестік декларациясынан қараңыз .
Электрондық таңбалау туралы ақпаратты көру үшін **Теңшелімдер > Бағдарлама туралы> Нормативтік ақпарат (Settings > About > Regulatory Information)** таңдаңыз.
Шұғыл желі телефоны және Сіздің еліңіздегі немесе өңірдегі клиенттерге қызмет көрсетудің электрондық поштасының мекенжайы туралы ақпаратты http://consumer.huawei.com/en/support/hotlin веб - сайтынан қараңыз.
Назар аударыңыз! Huawei Technologies Co., Ltd. компаниясы мақұлдамаған осы құрылғының кез келген өзгерістері немесе түрлендірулері, пайдаланушының осы құрылғыны пайдалану құқығын жоюға әкелуі мүмкін.
Ресми сайт: https://consumer.huawei.com/ru/

Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығына қосымша бет

1.Өндіруші, мекенжайы	"Хуавэй Текнолоджис Ко., Лтд", ҚХР 518129, Шэньчжэнь қ., Лунган, Баньтянь, "Хуавэй Текнолоджис Ко., Лтд" Әкімшілік ғимарат (Huawei Technologies Company Limited, Administration Building, Huawei Technologies Company Limited, Bantian, Longgang District, Shenzhen, 518129, Қытай) Тел.: +86-755-28780808
2.Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес өндіруші уәкілеттік берген тұлғаның (импорттаушының — егер топтама болса) атауы және орналасқан жері	«Техкомпания Хуавэй» ЖШҚ 121614, Мәскеу қ., Крылатская к-сі, 17 үй, 2-корпус
3. Байланыс үшін ақпарат	info-cis@huawei.com +7 (495) 234-0686
4.Сауда белгісі	HUAWEI
5.Атауы және белгісі	HUAWEI WATCH GT 2 смарт-сағаты, LTN-B19 үлгісі
6.Тағайындалуы	HUAWEI WATCH GT 2 – бұл екі аптаға дейін дербес қызмет ету мерзімі және кіріктірілген зияткерлік функциялары (ұйқы, жүрек соғу жиілігі мониторингі, GPS және т. б.) бар ақылды сағат.
7.Сипаттамалары және параметрлері	Bluetooth/GPS
8. Қуаттау	-аккумуляторлық батарея: 455 мА*сағ.
9.Шығарған ел	Қытай
10.КО ТР сәйкес келеді	——КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі».

11.Қауіпсіз пайдалану (қолдану) ережелері мен шарттары	Жабдық қоршаған ауаның температурасы -20-дан 45 град. С-ге дейін және 95% салыстырмалы ауа ылғалдылығында жабық жылытылатын орынжайларда пайдалануға арналған. Жабдық қызмет көрсету мерзімі ішінде мерзімді қызмет көрсетуді қажет етпейді.
12.Монтаждау ережелері мен шарттары	Жабдықты монтаждау осы жабдыққа қоса берілетін Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.
13.Сақтау ережелері мен шарттары	Жабдық жабық орынжайларда, зауыттық қаптамада, қоршаған ауаның температурасы -20-дан 70 град. С-ге дейін және 95% салыстырмалы ауа ылғалдылығында сақталуы тиіс. Биіктігі бойынша 10 данадан аспайтын текшелеуге жол беріледі.
14.Көшіру (тасымалдау) ережелері мен шарттары	Жабдықты көшіру және тасымалдауды тек зауыттық қаптамада, көліктің кез келген түрімен, қашықтықты шектемей-ақ жүргізуге жол беріледі.
15.Өткізу қағидалары мен шарттары	Шектеусіз
16.Кәдеге жарату қағидалары мен шарттары	Жабдықтың қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін жабдықты кәдеге жарату үшін ресми дилерге хабарласыңыз.
17.Электр желісіне және басқа да техникалық құралдарға қосылу, іске қосу, реттеу және пайдалануға енгізу қағидалары мен шарттары	Осы жабдыққа қоса берілетін Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.
18.Тұрғын, коммерциялық және өндірістік аймақтарда жұмыс істеуге арналуын ескере отырып, пайдаланудағы шектеулер туралы мәліметтер	Жабдық қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерінсіз тұрғын, коммерциялық және өндірістік аймақтарда пайдалануға арналған. Жабдық қызмет көрсетуші персоналдың тұрақты қатысуынсыз тәулік бойы үздіксіз пайдалануға арналған

19.Жабдықтың ақаулығы кезіндегі шаралар туралы ақпарат	Жабдықтың ақаулығы анықталған жағдайда: - жабдықты өшіріңіз, - жабдықты электр желісінен ажыратыңыз, - кеңес алу немесе жабдықты жөндеу үшін сервис орталығына немесе авторластырылған дилерге хабарласыңыз
20.Дайындалған айы мен жылы және (немесе) салынған жері және дайындалған жылын айқындау тәсілі туралы ақпарат	Құрылғының жасалған күні қорапта АА/ЖЖ (АА-ай, ЖЖ-жыл) форматында көрсетілген.
21.Сәйкестік белгісі.	EAC